

Инвотакси қызметін алушылар санатын кеңейту туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № А-109 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 мамырда № 8750-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес Аршалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аршалы ауданының аумағында инвотакси қызметін алушылар санаты келесі адамдар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) 1 топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) қозғалысында қиындық көретін 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

М.Балпан